**Бекітілді**
Университет Кеңесінің төрағасы
Т.С. Нұрғожин
_______________________
хаттама № ___ «_____»_________ 2020 ж.

# 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша 2019-2020 оқу жылындағы бітірушілердің мемлекеттік аттестациясының қорытындысы туралы мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасының ЕСЕБІ

МАК төрағасы Рахметова А.А.

МАК хатшысы Хамитова А.Е.

Келісілді:
Декан Сакипова З.Б.

Алматы, 2020 ж.

# 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша 2020 жылғы бітірушілердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы туралы мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасының ЕСЕБІ

26.12.2019 ж. №356 ректордың бұйрығы бойынша **5В110300-«Фармация» мамандығына** 2019-2020 оқу жылының мемлекеттік аттестациялық комиссиясының құрамы бекітілді.

**5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша 2019-2020 оқу жылындағы МАК құрамы:**

**МАК төрайымы:** Рахметова Айгуль Акимгалиевна – фарм.ғ.к., Қазақстан Республикасының фармацевтикалық қызметті дамыту және қолдау қауымдастығының мүшесі;

**МАК мүшелері**:

Сакипова Зурядда Бектемировна - фарм.ғ.д., Фармация мектебі деканы;

Аюпова Роза Багдаулетовна – PhD, Фармация мектебінің академиялық қызметі бойынша деканның орынбасары;

Устенова Гульбарам Омаргазиевна – фарм.ғ.д., «Фармацевтикалық технология» кафедрасының меңгерушісі;

Кожанова Калданай Каржауовна - фарм.ғ.к., «Инженерлік пәндер» кафедрасының меңгерушісі;

Жакипбеков Кайрат Сапарханович - PhD, «Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация» кафедрасының меңгерушісі;

Берилло Дмитрий Александрович – PhD, «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының меңгерушісі;

Саякова Галия Мырзагалиевна – фарм.ғ.к., «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының профессоры;

Омырзаков Манас Токтасынович - "GxP Company" ЖШС сапа жөніндегі директоры».

**МАК хатшысы:** Хамитова Акжонас Ермековна - мед.ғ.магистрі, «Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника» кафедрасының лекторы.

Мак қорытынды аттестаттауға дайындық аясында келесі құжаттар ұсынылды:

- «Мемлекеттік емтихан және мемлекеттік аттестациялық комиссия төрағасы кандидатуралары мен құрамын бекіту туралы» 26.12.2019 ж. №356 ректордың бұйрығы;
- қашықтықтан оқыту кезінде Қорытынды мемлекеттік аттестация ұйымдастыру ережелері, №227 бұйрық 11.05.2020 ж.;
- аттестациялық комиссияның жұмыс кестесі;

- 2020 жылдың бітірушілерінің Қорытынды мемлекеттік аттестациясының бағдарламасы;
- білім алушыларды «Қорытынды мемлекеттік аттестацияны тапсыруға жіберу» туралы 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша 20.05.2020 ж. №24 деканның жарлығы;
- «ҚМА 2 кезеңін өткізуге емтихан алушылар мен апелляторларды бекіту туралы» 27.04.2020 ж. №2 деканның жарлығы;
- МББС, оқу бағдарламасына, жұмыс және оқу жоспарына сәйкес, оқу үрдісі толық бітірілгені туралы анықтама.

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ-да 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша Мемлекеттік қорытынды аттестациясы академиялық күнтізбеге сәйкес 25.05.2020 – 01.06.2020 жыл аралығында екі кезең бойынша өткізілді:

I кезең: кешенді компьютерлік тест

II кезең: интеграцияланған практикалық жазбаша емтихан (электронды форматта, прокторинг жүйесін қашықтықтан пайдалану арқылы)

## ҚМА - ның I кезеңі - кешенді компьютерлік тест

ҚМА – ның I кезеңі 5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша: Фармацияны басқару және экономикасы, Фармакогнозия, Фармацевтикалық химия және Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы пәндері бойынша 25.05.2020 жылы кешенді компьютерлік тест түрінде қашықтық форматта өтті.

Тест тапсырмасы бір варианта - 100, орындау уақыты 150 минут. Нәтижесі әр дурыс жауапқа 1 баллдан бағаланды. Тест оқу тіліне сәйкес қазақ және орыс тілінде өткізілді. Бітірушілердің тест тапсырмасының нәтижесі жалпы тест тапсырмасының 50 пайызы дұрыс жауап алған кезінде оң деп саналады.

Тест нәтижесін білім алушылар апелляцияны ескермегенде емтихан біткен соң алды. Тестілеу онлайн прокторинг жүйесі арқылы жазылды, емтиханнан кейін прокторлар Академиялық адалдық кодексінің сақталуын видеожазбалар арқылы тексерді.

Білім алушылардың емтихан кезінде апелляцияға беруге мүмкіндіктері болды. Тестілеу жақсы өтті, аппеляцияға берген студенттер болған жоқ.

ҚМА – ның I кезеңіне 5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша 28 білімгер жіберілген, келмей қалған студенттер болған жоқ.

Кесте 1. 5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша бітірушілердің ҚМА I кезеңінің нәтижесі:

| Баға | балл | Саны (абс) | | | % (салыс) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қаз | орыс | барлығы | қаз | орыс | барлығы |
| Үздік | 90-100 | 4 | 4 | 8 | 18 | 67 | 28 |
| Жақсы | 70-89 | 18 | 2 | 20 | 82 | 33 | 72 |
| Қанағаттанарлық | 50-69 | - | - | - | - | - | - |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қанағаттанарлықсыз | 0-49 | - | - | - | - | - | - |

5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша ҚМА I кезеңін – кешенді компьютерлік тестілеуді бірінші реттен сәтті өткен білім алушылардың үлесі - 100%, орташа балл – 3,33 (88 балл).

**Қорытынды аттестаттаудың II кезеңі – интеграцияланған практикалық жазбаша емтихан**

Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың II кезеңі - интеграцияланған практикалық жазбаша емтихан 01.06.2020 ж. қашықтықтық форматта Moodle платформасында 4 пән бойынша өткізілді:
- Фармацияны басқару және экономикасы
- Фармакогнозия
- Фармацевтикалық химия
- Дәрілердің өнеркәсіптік технологиясы

ҚМА -ның II кезеңіне 28 білім алушы жіберілді, қатыспаған - жоқ.

Кесте 2. Қорытынды аттестаттаудың II кезеңінің нәтижесі

| Баға | балл | Саны (абс) | | | % (салыс) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қаз | орыс | барлығы | қаз | орыс | барлығы |
| Үздік | 90-100 | 4 | 3 | 7 | 18 | 50 | 25 |
| Жақсы | 70-89 | 18 | 3 | 21 | 82 | 50 | 75 |
| Қанағаттанарлық | 50-69 | - | - | - | - | - | - |
| Қанағаттанарлықсыз | 0-49 | - | - | - | - | - | - |

5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша интеграцияланған практикалық жазбаша емтихан түрінде ҚМА -ның II кезеңінен сәтті өткен білім алушылардың үлесі 100% – ды, орташа балл - 3,0 (84 балл) құрады.

**Емтихан нәтижесі МАК – ның мәжілісінің хаттамасына қол қойлғаннан кейін, сол күні жарияланды.**

Біліктілікті тағайындау

МАК отырыстарының хаттамалары әр білім алушыға арнайы жүргізілді. Хаттамалар МАК хатшысымен толтырылып, МАК – ның төрағасы және отырысқа қатысқан МАК мүшелері қолдарын қойды. МАК отырыстағы хаттамалар форматы А4, қағазда түптеліп, нөмерленген.

Біліктілікті тағайындау, диплом берілуі және емтиханның қорытынды бағалары туралы шешімді комиссия жабық отырыста, ашық түрде дауыс берумен қабылдады. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып есептелді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін балдық және рейтинг жүйесі бойынша, екі кезең нәтижесінен бір орташа арифметикалық қорытынды баға көрсетілді. 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша (екі кезеңнің қорытындысы бойынша) төрт студент үздік дипломға ие болды:

1. Абдрахманова Балжан Рахметолдақызы (GPA=3,72)
2. Жиянгерова Арайлым Берікқалиқызы (GPA=3,81)
3. Гожамкулова Нигара Ялкунжановна (GPA=3,51)
4. Баймухаметов Еркебұлан Русланұлы (GPA=3,84)

Қорытынды аттестацияны жақсы тапсырған және оқу бағдарламасының талаптарын толық меңгергенін растаған түлектерге МАК шешімімен 5В110300-«Фармация» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесі берілді.

3 кестеде 2020 жылдың бітірушілерінің Қорытынды мемелекеттік аттестаттаудың жалпы нәтижелері көрсетілген.

Кесте 3. 5В110300-«Фармация» мамандығының 2020 жылғы бітіруші түлектерінің Қорытынды мемелекеттік аттестаттаудың жалпы нәтижелері

| ҚА жіберілген дердің саны | ҚА келмегендердің саны | ҚА тапсырғандардың саны | Солардың ішінде | | | | Қанағаттанарлықсыз баға алғандар | Орташа балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тек қана үздік | Тек қана жақсы | Аралас бағалар | Тек қанағат танарлық | | |
| 28 | - | 28 | 6 | 22 | - | - | - | 3,33 |

4-кестеде өткен жылмен салыстырғанда қорытынды аттестаттау нәтижелеріне салыстырмалы талдауы берілген.

Кесте 4. 5В110300 – «Фармация» мамандығы бойынша студенттердің бітіруінің салыстырмалы талдауы

| Көрсеткіштер | Алдыңғы кезең | Есепті кезең |
|---|---|---|
| % сапасы | 100 | 100 |
| % үлгерім | 100 | 100 |
| Орташа балл | 3,82 | 3,33 |

5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша бакалавриаттың 2019-2020 оқу жылының түлектерінің Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері көрсеткендей, студенттердің теориялық және практикалық дайындығы жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарымен белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.

Бакалаврларды Қорытынды мемлекеттік аттестаттау мамандық бойынша оқу жоспарында көрсетілгендей академиялық календарьға сәйкес кешенді компьютерлік тестілеу (1 - кезең) және интеграцияланған практикалық жазбаша (электронды) емтихан (2 - кезең) түрінде өткізілді. Емтихан тесттері және тапсырмалары мамандық бойынша білім беру бағдарламасын толық ашады. ҚМА-ға қатысушы әр кафедраның ПОҚ бекітілген кесте бойынша студенттерге емтихан алдында консультация өткізді.

1) МАК мүшелері мемлекеттік қорытыны аттестаттау нәтижелері бітіруші түлектердің дайындығының жоғары екендігін атап өтті.

2) 5В110300 - «Фармация» мамандығы бойынша студенттердің дайындық деңгейі жоғарғы оқу орындарының барлық талаптарына сай келеді. Білім беру бағдарламасын толық меңгерген.
3) Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға Фармация мектебі және оқытушы – профессорлар құрамы жоғары деңгейде сай келеді.
4) 5В110300 – «Фармация» мамандығы бойынша түлектерді мемлекеттік емтихандарға дайындау процедурасын өткізуде келесі ескертулерді атап өткен жөн:
- Тестілеу орталығы бітірушінің пәндер бойынша нақтылаусыз орташа балын ұсынады (бұл қандай пәндер бойынша қиындықтар бар екеніне талдау жүргізу мүмкіндігін жоққа шығарады);
- ресми бұзушылық орын алды (Фармацевтикалық химия пәні бойынша бір студенттің реакциясында жіберілген қате интернеттің болмауына себеп болғандықтан кейінірек жауап берген, 3 студентте байқалды);
- Фармакогнозия пәні бойынша билетте көрсетілмеген өсімдік объектісі бойынша жауап беру орын алды (Кәдімгі мыңжапырақ орнына Дәріханалық түймедақ туралы жазылған);
- студенттердің Фармакогнозия және Фармацевтикалық химия бойынша онлайн кеңестерге жосықсыз қатысуы.
- Фармацевтикалық химия, Фармакогнозия және Фармацияны басқару және экономикасы пәндер бойынша практикалық фармациядан тәуелсіз емтихан алушылардың саны жеткіліксіз.

## Қорытынды

1. 2020 ж. С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ бітірушілерінің Қорытынды аттестациясын ұйымдастыру мен өткізілуін 5В110300 – «Фармация» мамандығы бойынша қанағаттанарлық деп есептеймін.
2. 5В110300 – «Фармация» мамандығы бойынша жалпы алғанда бітіруші түлектердің теориялық және практикалық дайындықтары типтік оқу жоспары мен білім беру стандартына сай келеді.
3. Бітіруші түлектердің қорытынды аттестация бағалары пән бойынша алған бағаларымен сай келеді.
4. 5В110300 – «Фармация» мамандығы үшін Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы ұсынады:
- таңдау үшін Фармацевтикалық химия бойынша ҚМА II кезеңінің тапсырмаларының базасын кеңейту ұсынылды (30 тапсырма (препараттар), оның ішінде емтиханға 10 препарат дайындау);
- Фармацевтикалық химия бойынша субстанциялардың тізімін ҚР-да тіркеуін ескере отырып қайта қарастыру ұсынылды;
- бақылау-аналитикалық зертханаларды қоса есептегенде практикалық базалар спектірін кеңейту ұсынылды;
- ҚМА II кезеңін - интеграциялан интеграцияланған практикалық жазбаша емтихан өткізуде емтихан қабылдаушы ретінде фармация саласында қызмет

ететін еңбек өтілі 5 жылдан кем емес маманды және әр пән бойынша кемінде 4 емтихан алушы мамандарды шақыру қажет;

- ЕурАзЭҚ шеңберінде бірыңғай фармацевтикалық нарық жағдайында фармацевтика саласының қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып, ҚМА шеңберінде жұмыстарды жақсарту және Фармация мектебінің профессорлық-оқытушылық әлеуетін күшейту үшін түзету іс-шараларының жоспарын әзірлеу қажет.

***P.S. Қорытынды мемлекеттік аттестация тапсыру кезінде екі кезеңде де прокторинг жүйесі арқылы бейнежазба жүргізілді.***